ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі

Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы ЖАЛПЫ МАҚСАТТАҒЫ ЖАРЫҚ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ КЕДЕРГІГЕ ТӨЗІМДІЛІГІ
Талаптар және сынау әдістері

Совместимость технических средств электромагнитная ПОМЕХОУСТОЙЧИВОСТЬ СВЕТОВОГО ОБОРУДОВАНИЯ ОБЩЕГО НАЗНАЧЕНИЯ
Требования и методы испытаний

ҚР СТ ГОСТ Р 51514-2009

(ГОСТ Р 51514-99 «Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Жалпы мақсаттағы жарық жабдықтарының кедергіге төзімділігі. Талаптар және сығау әдістері» IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі

Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы

ЖАЛПЫ МАҚСАТТАҒЫ ЖАРЫҚ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ КЕДЕРГІГЕ ТӨЗІМДІЛІГІ

Талаптар және сынау әдістері

ҚР СТ ГОСТ Р 51514-2009

(ГОСТ Р 51514-99 «Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Жалпы мақсаттағы жарық жабдықтарының кедергіге төзімділігі. Талаптар және сығау әдістері» IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2009 жылғы 21 шілдедегі № 365-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ГОСТ Р 51514-99 «Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Жалпы мақсаттағы жарық жабдықтарының кедергіге төзімділігі. Талаптар және сынау әдістері» стандартымен бірдей Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT)

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2014 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы ЖАЛПЫ МАҚСАТТАҒЫ ЖАРЫҚ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ КЕДЕРГІГЕ ТӨЗІМДІЛІГІ

Талаптар және сынау әдістері

Енгізілген күні 2010-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт электромагниттік кедергілерге төзімділік талаптарын белгілейді және жалпы мақсаттағы жарық жабдықтары үшін, төмен вольтті электр желілеріне қосуға арналған немесе батареядан қорек алатын лампалар, қосымша құрылғылар және шырақтарға да (бұдан әрі – жабдық) қолданылады.

Стандарт кедергіге төзімділік талаптары басқа стандарттарда белгіленген жабдықтарға таралмайды, атап айтқанда:

- көлік құралдарында пайдалануға арналған жабдық;
- көрініс тік шаралар үшін жарық аспаптарын басқарудың кәсіптік аппаратурасы;
- басқа құрылғыларға кіргізілген жарық аспаптары, мысалы, шкаланы жарықтандыру құрылғылары немесе индикаторлар, фотокөшіру құрылғылары, диапроекторлар және кинопроекторлар, видеодисплейлік құрылғылар.

Сонымен қатар, жарық бөлігі басқа бөліктерден тәуелсіз жұмыс істейтін көп қызметті құрылғыларға қатысты көрсетілген жарық бөлігі осы стандарттың талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Осы стандарттың талаптары жабдықтардың конструктивтік ерекшеліктерін ескеретін өзгерістері бар ҚР СТ 2.160 белгіленген аз энергия тұтынатын тұрғын, коммерциялық және өндіріс аймақтарында қолдануға арналған техникалық құралдар (бұдан әрі – ТҚ) үшін кедергіге төзімділік талаптарына негізделген.

Кейбір арнайы жағдайларда артық кедергіге төзімділікті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдануы қажет.

Осы стандартқа сәйкес негіз қалаушы стандарттармен және/немесе сілтемелер берілген біркелкі өнім топтарына стандарттармен бірге қолданылады.

Стандарт жабдықты электромагниттік кедергілерге төзімділікке сынау түрлерін, әрбір түр үшін сынау әсерлерінің деңгейлерін, сынау кезінде жабдықтың жұмыс істеу сапасының критерийлерін, сонымен бірге сәйкес сынау әдістерін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты пайдалану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ 2.140-2008 (МЭК 61000-4-4-95) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Наносекундты импульсті кедергілерге төзімділік. Талаптар және сынау әдістері.

ҚР СТ 2.145-2008 (МЭК 61000-4-4-96) Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Радиожиілікті электромагниттік өрістермен белгіленген кондуктивтік кедергілерге төзімділік. Талаптар және сынау әдістері.

ҚР СТ 2.160-2008 Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Аз энергия тұтынатын тұрғын, коммерциялық және өндірістік аймақстарда қолданылатын техникалық құралдардың электромагниттік кедергілерге төзімділігі. Талаптар және сынау әдістері.

ҚР СТ 1779-2008 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Электромагниттік сыйымдылық. Радиожиілікті электромагниттік өрістерге төзімділікке сынау. Талаптар және сынау әдістері.

ҚР СТ ГОСТ Р 50648-2008 (МЭК 1000-4-8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Өндірістік жиіліктің магнит өрісіне төзімділік. Техникалық талаптар және сынау әдістері.

ҚР СТ 2.145-2008 ГОСТ Р 51317.4.5-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Электромагниттік сыйымдылық. Сынау және өлшеу әдістері. Электростатикалық разрядтарға төзімділікке сынау.

ҚР СТ ГОСТ Р 51317.4.5-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Үлкен энергияның микросекундты импульсті кедергілеріне төзімділік. Техникалық талаптар және сынау әдістері.

ҚР СТ ГОСТ Р 51317.4.11-2008 Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Электрмен қоректену кернеуінің динамикалық өзгерістеріне төзімділік. Талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 15049-81 Электрлік лампалар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16504-81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімді сынау және сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16703-79 Жарық аспаптары мен кешендері. Терминдер мен анықтамалар;

ГОСТ 17677-82 Шырақтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 30372-95 Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ Р МЭК 360598-1-2003 Шырақтар. 1-бөлім. Жалпы талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ Р 51317.4.2 – 99 (МЭК 61000-4-2-95) Электромагниттік техникалық құралдардың сыйымдылығы. Электростатикалық разрядтарға төзімділік. Талаптар және сынау әдістері.*

3 Анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 15049, ГОСТ 16703, ГОСТ 30372, ГОСТ Р МЭК 60598-1 бойынша, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер пайдаланылған:

3.1 Порт: Жабдық пен сыртқы электромагниттік орта арасындағы шекара (қысқыш, ажыратқыш, клемма, байланыс торабы және т.б.) (1-сурет).

* ҚР СТ 1.9 бойынша қолданылады

3.2 Корпус порты: Жабдықпен құрылатын электромагниттік өрістер сәулеленуі немесе сыртқы электромагниттік өрістер кіруі мүмкін пейджингтік (қосымша) жабдықтың физикалық шекарасы.



Порттар мысалдары

ЕСКЕРТПЕ. Осы стандарттың мақсаттары үшін реттегіш құрылғылардың коректенуіне арналған тұрақты токтың электрмен коректену порттары, сигнал порттары ретінде қарастырылады.

4 Жұмыс істеу сапасының критерийлері

4.1 Жабдықтардың жұмыс істеу сапасының критерийлері кедергіге төзімділікке сыналған кезде, кедергінің әсер етуі кезінде де, тоқтатылғаннан кейін де, ТҚ дайындаушымен белгіленуі және сынау хаттамасында көрсетілуге тиіс.

Жабдықтың жұмыс істеу сапасының критерийлері кедергіге төзімділікке сыналған кезде жабдықтың нақты түрінің нормативтік құжаттарында, сонымен қатар жабдықтың техникалық құжаттамасында белгіленуі тиіс.

Жабдықтың жұмыс істеу сапасы мыналарды бақылау арқылы бағалануы тиіс:

- шырақ пен шамдар жарығының күшін;
- көрсетілген құрылғыны қосатын немесе реттейтін құрылғыны білдіретін жабдық жағдайында, реттейтін құрылғылардың қызмет етуін;
- стартерлердің бар болуы кезінде, олардың қызмет етуін.

4.2 Жабдық үшін кедергіге төзімділікке сыналған кезде жұмыс істеу сапасының төменде келтірілген критерийлері қолданылады.

А жұмыс істеу сапасының критерийі

Кедергінің әсер етуі кезеңінде жарық күшінің өзгерістері байқалмауы тиіс. Реттейтін құрылғылар, олардың бар болуы кезінде, мақсатына сәйкес жұмыс істеуі тиіс.

В жұмыс істеу сапасының критерийі

Кедергінің әсер етуі кезеңінде жарық күшінің кез келген өзгерістеріне жол беріледі. Кедергі тоқтатылғаннан кейін жарық күші бастапқы мәніне 1 мин көп емес уақыт аралығы ішінде қайтуы тиіс. Реттейтін құрылғылар қондырғыларының өзгерістері кедергінің әсер ету кезеңінде қажет болмайды. Кедергі тоқтатылғаннан кейін реттейтін құрылғылардың жұмыс режимі, кедергінің әсер ету кезеңінде жұмыс режимін өзгертетін реттеу іске асырылмайтын шарты кезінде сынауға дейінгі режиммен бірдей болуы тиіс.

С жұмыс істеу сапасының критерийі

Кедергінің әсер ету кезеңінде және тоқтатылғаннан кейін жарық күшінің кез келген өзгерістеріне жол беріледі және шамның (шамдардың) сөндірілуіне жол беріледі. 30 мин көп емес уақыт интервалы шегінде кедергі тоқтатылғаннан кейін жабдықтың барлық қызметтері қалыпты жағдайына қайтуы тиіс.

Стартерлерді қамтитын жабдық кедергі тоқтатылғаннан кейін сөндіріледі және 30 мин кейін қайтадан қосылады. Жабдық осы жағдайда қосылуы тиіс және мақсатына сәйкес жұмыс істеуі тиіс.

4.3 Кедергіге төзімділікке сынаған кезде жабдық жарығы күшінің өзгерістерін көзбен шолып байқау арқылы анықтауға жол беріледі. Даулы жағдайларда мынадай ереже қолданылады.

Шам немесе шырақтың (шырақтардың) жарық күші шамның немесе шырақтың (шырақтардың) басты жазықтығына перпендикулярлы осінің ортасына, люксметрдің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін қашықтыққа орналастыратын люксметрді қолдану арқылы өлшенеді. Егер өлшем нәтижелері 15 %-дан аспайтын болса, жарық күші өзгермейді деп саналады. Осыған қоса бөтен көздерден жарықтылық деңгейі өлшеудің нәтижелеріне әсер етпеу шаралары қабылдануы қажет.

4.4 Осы стандартта белгіленген түрлердің электромагниттік әсер етудің эффектілері жарық көзінің қызмет ету мерзіміне осы стандарттан шығарылады.

5 Кедергіге төзімділік талаптары

5.1 Жалпы ережелер

Жабдықтың электромагниттік кедергілерге төзімділік талаптары мынадай әсер етулерге қатысты белгіленді:

- электростатикалық разрядтардың;
- үздіксіз және импульсті кедергілердің;
- сәулелендіретін және кондуктивті кедергілердің;
- радио жиілікті электромагниттік өрістер мен электр желілерімен байланысты кедергілердің.

Көрсетілген талаптар 5.1 - 5.9 сәйкес жабдықтың барлық порттарын бірізді тексеру негізінде белгіленеді. Кедергілер, сәйкес келетін стандарт тарауларында көрсетілгендей, жабдықтың әр түрлі порттарына беріледі. Сынау белгілі және жаңғыртылатын шарттарда жүргізілуі тиіс. Сынау бөлек сынаудың бірізділігі ретінде жүргізіледі. Сынаудың бірізділігі нақты жабдыққа қатысты белгіленеді.

Нақты жабдықтың электр сипаттамалары мен қолдану тәсілдерін талдау нәтижелері бойынша кейбір кедергіге төзімділікке сынауды жүргізбеу туралы шешімінің қабылдануына жол беріледі. Белгілі бір сынауды шығару туралы шешім сынау хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Сынау түрлері, сынау генераторына талаптар, сынау әдістері мен сынау үшін жұмыс орындарының құрамы осы стандарттың тарауларында сілтемелер берілген негізін қалаушы стандарттарында келтірілген.

Сынаудың қаттылық дәрежесі негізінен, негізін қалаушы стандарттарын, белгіленген 2 қаттылық дәрежесіне негізделген.

5.2 Электростатикалық разрядтар

Электростатикалық разрядтарға төзімділікке сынау 1-кестеде көрсетілген сынау әсерлерінің деңгейлері кезінде ҚР СТ ГОСТ Р 51317.4.2 сәйкес жүргізіледі. Сынаудың артық көрінетін әдісі түйісетін электростатикалық разряд әдісі болып табылады. Жабдық корпусының әр жетімді металл бөлігіне 20 разряд жүргізілуі тиіс (10 теріс және 10 оң полярлығында). Электр сұлбалардың сыртқа шығарылған өткізгіштеріне жүргізілмейді. Әуе разрядының әдісі түйісетін разрядты қолдануға жол берілмеген кезде қолданылады Разрядтар көлденең және тік байланыс пластинасына ҚР СТ ГОСТ Р 51317.4.2 белгіленгендей жргізіледі.

ЕСКЕРТПЕ. «Корпустың жетімді металл бөлігі» термині пайдаланушымен жүргізілетін қызмет көрсетуді қоса алғанда, пайдаланудың қалыпты шарттары кезіндегі жетімділікті білдіреді.

1-кесте - Электростатикалық разрядтар. Сынау әсерленуінің деңгейлері, корпус порты

Сипаттаманың атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, кВ: Әуе разряды Түйісетін	 8 4

5.3 Радио жиілікті электромагниттік өрістер

Радио жиілікті электромагниттік өрістерге төзімділікке сынау 2-кестеде көрсетілген сынаудың әсер етулері кезіндегі ҚР СТ 1779 сәйкес жүргізіледі.

2-кесте - Радио жиілікті электромагниттік өрістер. Сынаудың әсер етулері, корпус порты

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау өрісінің кернеуі, В/м Жиіліктер жолағы, МГц Модуляция тереңдігі, %	3 (модуляция жоқ кезде) 80-1000 80 (амплитудалық модуляция, 1 кГц жиілігіндегі синусоидалық сигнал)

5.4 Өнеркәсіптік жиіліктің магниттік өрісі

Өнеркәсіптік жиіліктің магнитті өрісіне төзімділікке сынау 3-кестеде көрсетілген деңгейлері кезінде *ҚР СТ ГОСТ Р 50648* сәйкес өткізіледі және магнитті өрісінің әсер етуіне қабілетті, Холл элементтері немесе магниттік өріс бергіштері сияқты элементтерді құрайтын жабдық үшін ғана қолданылады.

Егер жабдық электр желіден қоректі алатын болса, сынаудың магнитті өрісі желі кернеуімен синфазалы болуы тиіс.

3-кесте - Өнеркәсіптік жиіліктің магниттік өрісі. Сынаудың әсер ету деңгейлері, корпус порты

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Өріс кернеулігі, А/м Жиілік, Гц	3 50

5.5 Наносекундтық импульстік кедергілер

Наносекундты импульсті кедергілерге сынау 4-6-кестелерінде көрсетілген сынаудың әсер ету деңгейлері кезінде ҚР СТ 2.140 сәйкес жүргізіледі. Наносекундтық импульстік кедергілер жабдық порттарына оң полярлық кезінде 2 минут ішінде және теріс полярлық кезінде екі минут ұзақтылығы кезінде беріледі.

4-кесте - Наносекундтық импульстік кедергілер. Сынаудың әсер ету деңгейлері, сигналдық порттар, басқару порттары

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, кВ Үдеу уақыты/импульс ұзақтығы, нс Импульстердің қайталану жиілігі, кГц	0,5 5/50 5
1-ЕСКЕРТПЕ Талаптар жабдықтың техникалық құжаттамасына сәйкес қосылу кабельдерінің ұзындығы 3 м аса алатын порттары үшін ғана белгіленеді. 2-ЕСКЕРТПЕ Реттейтін құрылғылардың қондырғылары кедергінің әсер ету кезеңінде өзгертілмейді.	

5-кесте - Наносекундты импульстік кедергілер. Сынаудың әсер ету деңгейлері, тұрақты токтың электрлік қорек беретін кіріс және шығыс порттары

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, кВ Үдеу уақыты/импульс ұзақтығы, нс Импульстердің қайталану жиілігі, кГц	0,5 5/50 5
ЕСКЕРТПЕ Талаптар электрлік қорек беретін желісіне қоспайтын жабдық үшін белгіленбейді	

6-кесте - Наносекундты импульсті кедергілер. Сынаудың әсер ету деңгейлері, айнымалы токтың электрлік қорек беруінің кіріс және шығыс порттары

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, кВ Үдеу уақыты/импульс ұзақтылығы, нс Импульстердің қайталану жиілігі, кГц	1 5/50 5

5.6 Радиожиілікті электромагниттік өрістермен белгіленген кондуктивтік кедергілер

Радиожиілікті электромагниттік өрістермен белгіленетін кондуктивтік кедергілерге төзімділікке сынау 7-9-кестелерде көрсетілген сынаудың әсер ету деңгейлері кезінде ҚР СТ 2.140 сәйкес жүгізіледі.

Байланыс/шешуші құрылғылардың артық көретін құрылғылары болып табылады (ҚР СТ 2.140):

- айнымалы токтың электрлік қорек берудің кабельдері үшін - УСР-С1, УСР-С2, УСР-С3;
- сигналдарды берудің экрандырылған кабельдері үшін – УСР - НС2 (кедергіні тікелей енгізу);
- басқару сигналдарын берудің экрандырылмаған кабельдері үшін – байланыстың токтық тістеуіктері.

7-кесте - Радио жиілікті электромагниттік өрістермен белгіленген кондуктивтік кедергілер. Сынаудың әсер ету деңгейлері, сигналдық порттар, басқару порттры

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, В Жиіліктер жолағы, МГц Модуляция тереңдігі, % Сынау сигналдары көздерінің шығыс толық кернеуі, Ом	3 (модуляция жоқ кезде) 0,15-80 80 (амплитудалық модуляция, 1 кГц жиілігіндегі синусоидалық сигнал) 150
ЕСКЕРТПЕ. Талаптар жабдықтың техникалық құжаттамасына сәйкес қосылу кабельдерінің ұзындығы 1 м аса алатын порттар үшін ғана белгіленеді	

8-кесте – Радио жиілікті электромагниттік өрістермен дәлденген кондуктивтік кедергілер. Сынаудың әсер ету деңгейлері, тұрақты токтың электрлік қорек беретін кіріс және шығыс порттары

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, В Жиіліктің жолағы, МГц Модуляция тереңдігі, % Сынау сигналдары көздерінің шығыс толық кернеуі, Ом	3 (модуляция болмаған кезде) 0,15-80 80 (амплитудалық модуляция, 1 кГц жиілігіндегі синусоидалық сигнал) 150
ЕСКЕРТПЕ Талаптар электрлік қуат беру желісіне қоспайтын жабдық үшін белгіленбейді	

9-кесте – Радио жиілікті электромагниттік өрістермен дәлденген кондуктивтік кедергілер. Сынаудың әсер ету деңгейлері, айнымалы токтың кіріс және шығыс порттары

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Сынау кернеуі, В Жиіліктің жолағы, МГц Модуляция тереңдігі, % Сынау сигналдары көздерінің шығыс толық кернеуі, Ом	3 (модуляция жоқ кезде) 0,15-80 80 (амплитудалық модуляция, жиілігі 1 кГц синусоидалы сигнал) 150
ЕСКЕРТПЕ. Талаптар жабдықтың техникалық құжаттамасына сәйкес қосылу кабельдерінің ұзындығы 1 м аса алатын порттар үшін ғана белгіленеді	

5.7 Үлкен энергияның микросекундтық импульстік кедергілері

Үлкен энергияның микросекундтық импульстік кедергілеріне төзімділікке сынау 10-кестеде көрсетілген сынаудың әсер ету деңгейлері кезінде ҚР СТ ГОСТ Р 51317.4.5 сәйкес жүргізіледі.

Сынау кезінде жабдық портына электрлік қорек беру желісі кернеуінің амплитудалық мәні кезінде және кернеу қисығының нөлдік деңгейімен қиылысқан кезде оң және теріс полярлықтағы бес импульстан береді (барлығы жиырма импульс).

10-кесте - Үлкен энергияның микросекундтық импульстік кедергілері. Сынаудың әсер ету деңгейлері, айнымалы токтың электрлік қорек беруінің кіріс және шығыс порттары

Сипаттаманың атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
«өткізгіш - өткізгіш», сұлбасы бойынша берген кездегі сынау кернеуі, кВ,	0,5 кВ
Сипаттаманың атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
«өткізгіш — жер» Үдеу уақыты/импульс ұзақтығы, мкс	1 кВ 6,4/16 (импульс тоғы) – 1/50 (импульс- кернеу)
1-ЕСКЕРТПЕ. Электрмен қоректену бір фазалық екі өткізгішті желіден жүзеге асырыла алатын жабдықты сынау кедергілерді берген кезде «өткізгіш - өткізгіш» сұлбасы бойынша жүргізіледі. 2-ЕСКЕРТПЕ. Электрмен қоректену бір фазалық үш өткізгішті желіден жүзеге асырыла алатын жабдықты сынау «өткізгіш - өткізгіш» және «өткізгіш – жер» сұлбалары бойынша кедергілерді берген кезде жүргізіледі. 3-ЕСКЕРТПЕ. Электрмен қоректену үш фазалық және төрт өткізгішті желіден жүзеге асырыла алатын жабдықты сынау «өткізгіш - өткізгіш» сұлбасы бойынша кедергіні беру кезінде жүргізіледі. 4-ЕСКЕРТПЕ. Электрмен қоректену үш фазалық бес өткізгішті желіден жүзеге асырыла алатын жабдықты сынау «өткізгіш - өткізгіш» және «өткізгіш – жер» сұлбалары бойынша кедергіні берген кезде жүргізіледі.	

5.8 Электрмен қоректену кернеуінің құлаулары, үзілістері және шығулары

Электрмен қоректену кернеуінің құлауларына, үзілістеріне және шығуларына төзімділікке сынау ҚР СТ ГОСТ Р 51317.4.11 сәйкес 11-12 кестелерде көрсетілген сынаудың әсер ету деңгейлері кезінде жүргізіледі.

11-кесте - Электрмен қоректену кернеуінің құлаулары және шығулары. Сынаудың әсер ету деңгейлері, айнымалы токтың электрмен қоректенудің кіріс порттары

Сипаттама атауы	Сипаттама мәні
Кернеу құлаулары, % $U_{ном}$ Кезең сандары	30 10, 25
Кернеу шығулары, % U ном Кезең саны	*120* *25*
ЕСКЕРТПЕ. U ном – электрмен қоректену желісінің номиналдық кернеуі	

12-кесте - Электрмен қоректену кернеуінің үзілістері. Сынаудың әсер ету деңгейлері, айнымалы токтың электрмен қоректенудің кіріс порттары

Сипаттама атауы, өлшем бірлігі	Сипаттама мәні
Кернеу үзілістері, % $U_{ном}$	100
Кезең саны	0,5; 1

5.9 Кернеудің ауытқуы

Кернеудің ауытқуларына қатысты кедергіге төзімділік талаптары жабдықтың нақты түрінің стандарттарына сәйкес белгіленеді.

6 Кедергіге төзімділікке сынауды қолдану

6.1 Жалпы ережелер

Осы стандартта белгіленген кедергіге төзімділікке талаптар жабдықтың мынадай түрлеріне қолданылады:

- шырақтар мен ұқсас аспаптар;
- жеке қолданылатын қосымша құрылғылар;
- қосыла салынған балласты бар шамдар.

Кедергіге төзімділікке талаптар қосыла салынған балласты бар шамдар болып табылмайтын шамдарға және шырақтарға қосыла салынған реттейтін құрылғыларға немесе жартылай шырақтарға қолданылады. Алайда, егер жеке жүргізілген сынау балласттар мен түрлендіргіштер сияқты қосыла салынған құрылғылар бөлек қолданылатын қосымша құрылғылардың белгіленген осы стандарттың талаптарын қанағаттандыратынын расталатын болса, шырақ осы стандарттың талаптарын қанағанттандырады және сынауды қажет етпейді деп саналатын болады.

Егер осы стандартта регламенттелген түрлер кедергілерінің нәтижесінде жабдық қауіпті және сенімді емес болса, көрсетілген жабдықтың осы стандарт талаптарын қанағаттандырмайтыны туралы қорытынды жасалуы тиіс.

6.2 Электрондық емес жабдық

Жарық көзі электрмен қоректенетін желі жиілігі кезінде электр энергиясын алатын немесе батареялардан қоректенетін және белсенді электрондық компоненттері жоқ авариялық жарықтылық шырақтарын қоспағанда, жабдықты сынауды өткізбей осы стандарт талаптарын қанағаттандырады деп есептеледі.

6.3 Электрондық жабдық

Электрондық белсенді компоненттері бар, мысалы, нақты кернеуді және/немесе жарық көзінің жиілігін реттейтін жабдық үшін кедергіге төзімділік талаптары 6.3.1—6.3.3 сәйкес белгіленеді.

6.3.1 Қосыла салынған балласты бар шамдар

Электрондық қосыла салынған балласты бар шамдар 5-тарауда көрсетілген кедергілерінің түрлеріне төзімділікке сыналуға және 13-кестеде белгіленген жұмыс істеу сапасының критерийлерін қанағаттандыруға тиіс.

13-кесте - Қосыла салынған балласты бар шамдар үшін кедергіге төзімділікке сынауды қолдану

Осы стандарттың 5-тарау пункті (сынау түрі)	5.2	5.3	5.4	5.5	5.6	5.7	5.8, 11-кесте	5.8, 12-кесте
Жұмыс істеу сапасының критерийі	B	A	A	B	A	C	C[a)]	*B*[b)]
[a)] 25 кезең саны және 25 кезең саны,120 % $U_{ном}$ кернеу құлаулары кезіндегі 30 %$U_{ном}$ кернеу құлаулары үшін — В критерийі [b)] 1 кезең саны кезінде—В критерийі								

6.3.2 Бөлек қолданылатын қосымша жабдық

Жабдықтың нақты түрінің сәйкес келетін стандарттарында көрсетілгендей, бөлек қолданылатын қосымша жабдық 5-тарауда көрсетілген кедергі түрлеріне төзімділікке сыналуы және 14-кестеде белгіленген жұмыс істеу сапасының критерийін қанағаттандыруы тиіс.

14-кесте - Қосымша құрылғы үшін кедергіге төзімділікке сынауды қолдану

Бөлек қолданылатын электрондық қосымша құрылғының түрі	Осы стандарттың 5-тарау пункті (сынау түрі) мен жұмыс істеу сапасының критерийі							
	5.2	5.3	5.4	5.5	5.6	5.7	5.8, кесте 11	5.8, кесте 12
Балласт	B	A	A	B	A	*C*[a)]	*C*[a)]	B[b), c)]
Түрлендіргіш	B	A	A	B	A	*C*[a)]	*C*[a)]	*B*[b)]
Стартер	B	A	A	B	A	*C*[a)]	*C*[a)]	*B*[b)]
Жартылай шырақ	B	A	A	B	A	C	*C*[a)]	*B*[b)]
Балласт пен түрленіргіш үшін реттейтін құрылғы	B	A	A	B	A	B	*C*[a)]	*B*[b)]
[a)] 25 кезең саны кезіндегі 30 % $U_{ном}$ кернеу құлаулары үшін және 25 кезең саны кезінде 120 % $U_{ном}$ кернеу шығулары үшін—В критерийі. [b)] 1 кезең саны кезінде—В критерийі. [c)] Люминесцентті шамдардың балласттары үшін ғана қолданады. Қосыла салынған балласттары бар басқа разрядты шамдар үшін С жұмыс істеу сапасының критерийін қолданады.								

6.3.3 Шырақтар

Шырақтар 5-тарауда көрсетілген кедергі түрлеріне төзімділікке сыналуы және 15-кестеде белгіленген жұмыс жасау сапасының критерийін қанағаттандыруы тиіс.

15-кесте - Шырақтар үшін кедергіге төзімділікке сынауды қолдану

Шырақ түрі	Осы стандарттың 5-тарау пункті (сынау түрі) мен жұмыс істеу сапасының критерийі							
	5.2	5.3	5.4	5.5	5.6	5.7	5.8, кесте 11	5.8, кесте 12
Электрондық түрлендіргіші бар шырақ	B	A	A	B	A	C	C[a)]	*B[b)]*
Люминисцентті шамдар үшін электрондық балласты бар шырақ	B	A	A	B	A	C	C[a)]	B[b)]
Разрядты шамдар үшін электрондық балласты бар шырақ	B	A	A	B	B	C	C[a)]	C[2)]
Авариялық жарықтылық үшін шырақ	A	A	A	B	A	B	B[a)]	B[b)]

[a)] 25 кезең саны кезіндегі 30 % $U_{ном}$ кернеу құлаулары үшін және 25 кезең саны кезінде 120 % $U_{ном}$ кернеу шығулары үшін—В критерийі.
[b)] 1 кезең саны кезінде—В критерийі.

7 Сынауды жүргізу шарттары

Жабдық кедергіге төзімділікке жабдықтың нақты түрінің сәйкес келетін стандартында немесе белгіленген тұрақты жарық легіндегі жабдықтың техникалық құжаттамасында белгіленген жұмыс жасау режимінде сыналады.

Реттейтін құрылғыны қосатын жабдық жарық күшінің шамамен 20, 60 және 100 % қамтамасыз ететін жұмыс істеудің үш режиміне сыналуы тиіс. Тиеу максимальды жіберілетін болуы тиіс.

Бөлек қолданылатын шырақтар мен қосымша құрылғылар қолданылуы үшін көрсетілген шырақтар мен қосымша құрылғылар қажетті шамдармен бірге сыналады.

Шамдар ретінде ГОСТ 17677 (4-қосымша) және ГОСТ Р МЭК 60598-1(В-қосымшасы) белгіленгендей өлшеуіш шамдарды қолданады.

Егер жабдықтың техникалық құжаттамасында басқа ұзындық белгіленбеген болса, бөлек қолданылатын қосымша жабдық үшін көрсетілген жабдық пен шам (шырақ) арасындағы кабель ұзындығы 3 м қамтуы тиіс.

Кедергіге төзімділікке сынаған кезде жабдық пен сынау құралдарының жұмыс істеу режимдері мен орналасуы сынау хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Кедергіге төзімділікке сынаған кезде жабдықпен функционалдық түрде өзара әрекет ететін қосымша ҚЖ имитаторлармен ауыстыруға жол беріледі.

Сынау кезінде әсер етуге ұшырайтын кедергіге төзімділікке сынаған кезде жабдыққа қосылатын қосымша ҚЖ, жабдықтың жұмыс істеу режимдері, жабдық порттары көрсетіледі:

тәжірибелік үлгілер үшін – сынау бағдарламасында;

сериялық бұйымдар үшін – техникалық талаптарды белгілейтін;

жабдықты сертификаттаған кезде – аккредитациядан өткен сынау зертханасында әзірленетін сынау әдістемесінде.

Егер негізін қалаушы стандарттарда басқа талаптар белгіленбесе, сынау жабдықтың нақты типінің техникалық құжаттамасында және ҚЖ электрмен қоректенудің қалыпты кернеу кезінде климаттық шарттарда жүргізілуі тиіс.

Осы стандарт талаптарына сәйкес келуді, егер жабдықтың нақты тиінің стандарттарында басқа талаптар белгіленбесе, сынау қалыпты климаттық шарттар кезінде жүргізіледі:

қоршаған ауа температурасы (25 ± 10) °С;

салыстырмалы ауа ылғалдылығы (45—80) %;

атмосфералық қысым 84—106,7 кПа (630— 800 мм. сын. бағ.).

8 Сынау нәтижелерін бағалау

Сериялық түрде жасалынатын жабдық, жабдықтың бір үлгісін пайдалану арқылы типтік сынауды жүргізу жолымен жүзеге асырылады. (Типтік сынау ретінде осы стандарт талаптарына сәйкес келуін растау мақсатында, ұқсас сипаттамалары бар, белгілі бір техникалық құжаттамаға сәйкес жасалған, жабдықтың бір немесе бірнеше үлгісін сынау түсініледі).

Дайындаушы немесе жеткізуші сыналатын үлгінің сериялық түрде өндірілетін жабдықты білдіретінін қамтамасыз етуі тиіс. Сериялық түрде шығарылмайтын жабдық жеке негізде сыналуы тиіс.

Кедергіге төзімділікке сынаған кездегі жабдық үлгілерін іріктеуді, егер жабдықтың нақты түрінің стандарттарында басқа талаптар белгіленбесе, төменде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі:

жабдықтың сынау үлгілерін сынаған кезде үштен көп бұйым жасалынса, үштен кем емес үлгі таңдап алынады, егер үш және одан аз үлгі жасалынса, барлық үлгі таңдап алынады;

сериялық өндіріс шарттарында кедергіге төзімділікке сынауға ұшырайтын үлгілердің саны жабдықтың нақты типінің техникалық талаптарды белгілейтін құжаттарда немесе сынау бағдарламасында белгіленеді;

сертификаттау сынауы үшін бір үлгі таңдап алынады. Дәлелденген жағдайларда сәйкес келуді растайтын органның шешімі бойынша үлгілер санының ұлғайтылуына жол беріледі. Жекелей түрде шығарылатын (импортталатын) жабдықтың үлгілерінің әрқайсысы жеке сыналады.

Егер кедергілердің барлық түрлері үшін барлық сыналған үлгілер осы стандарт талаптарына сәйкес келсе, кедергіге жабдықтың төзімділік талаптары орындалды деп саналады.

ӘОЖ 621.317.7 **МСЖ 33.100**

Түйінді сөздер: электромагниттік сыйымдылық; жалпы мақсаттағы жарық жабдықтары; электромагниттік кедергілерге төзімділік; сынау түрлері; талаптары; сынау әдістері

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственная система обеспечения единства измерений Республики Казахстан

Совместимость технических средств электромагнитная

ПОМЕХОУСТОЙЧИВОСТЬ СВЕТОВОГО ОБОРУДОВАНИЯ ОБЩЕГО НАЗНАЧЕНИЯ

Требования и методы испытаний

СТ РК ГОСТ Р 51514-2009

(ГОСТ Р 51514-99 «Совместимость технических средств электромагнитная. Помехоустойчивость светового оборудования общего назначения. Требования и методы испытаний. IDT)»

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт метрологии»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 21 июля 2009 года № 365-од

3 Настоящий стандарт идентичен стандарту ГОСТ Р 51514-99 «Совместимость технических средств электромагнитная. Помехоустойчивость светового оборудования общего назначения. Требования и методы испытаний». Степень соответствия – идентичная (IDT)

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2014 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Совместимость технических средств электромагнитная ПОМЕХОУСТОЙЧИВОСТЬ СВЕТОВОГО ОБОРУДОВАНИЯ ОБЩЕГО НАЗНАЧЕНИЯ

Требования и методы испытаний

Дата введения 2010-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает требования устойчивости к электромагнитным помехам и применяется для светового оборудования общего назначения, включая лампы, вспомогательные устройства и светильники, предназначенные для подключения к низковольтным электрическим сетям, или получающие питание от батарей (далее – оборудование).

Стандарт не распространяется на оборудование, для которого требования помехоустойчивости установлены в других стандартах, а именно:

- оборудование для использования на транспортных средствах;
- профессиональную аппаратуру управления световыми приборами для зрелищных мероприятий;
- световые приборы, встроенные в другие устройства, например, устройства освещения шкал или индикаторы, фотокопировальные устройства, диапроекторы и кинопроекторы, видеодисплейные устройства.

